6B11101-Туризм

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Теориялық білімін практикамен ұштастыра алатын, этикалық дағдылары мен іскерлік қасиеттерге ие қызмет көрсету саласының бакалаврын даярлау.

Бағдары:
Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:
Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:
Цифрлық технологиялар мен тұрақты даму қағидаттарын қолдана отырып, туристік өнімдерді тиімді жобалау және басқару құзыреттеріне ие туризм индустриясы үшін білікті мамандар даярлау.

Құндылықтары:
Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:
- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі.

Қазақстанда туристік бағдарланған көптеген білім беру бағдарламаларының болғандығына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін тәжірибеге бағытталған, туристік саланың кәсіпқойларының жеке санаттарын, мысалы, экскурсия жетекшілерін, гидтерді, ойын-сауық бағдарламаларының аниматорларын кәсіби даярлауға, туристік қызметтердің заманауи нарығының қажеттілігін ескеретін кәсіби талаптарды анықтау өзекті болып отыр.

COVID-19 кейін ішкі және халықаралық туризмнің қалпына келуі, мемлекеттік қолдау және іс-шаралар санының артуы нәтижесінде Қазақстанда білікті туризм менеджерлері мен салалық мамандарға сұраныс айтарлықтай өсті. Бұл кәсіби кадрлар: бағыттарды дамыту, туристік өнімді құру, маркетинг, өңірлік және экотуризмді ұйымдастыру, цифрландыру, қауіпсіздік талаптарын орындау үшін қажет.

Туризм білім беру бағдарламалары стратегиялық, технологиялық, маркетингтік және тағыда басқа дағдыларды беріп, қажетті кадрларға тез бейімделуге әсер етеді. Бағдарламаның пәндік профилі мен практикаға бағытталуы еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыру үшін өзекті.

Нарықтың сұранысы.

Туристік қызметтерге деген сұраныстың өсуі бұл менеджмент пен кәсіби кадрларға деген сұраныстың индикаторы деуге болады. Еңбек нарығындағы дефицит: еңбек биржалары мен хабарландырулар бойынша жоғары біліктілік талап ететін менеджерлік позициялардың, нақты айтқанда туризм менеджерлері, маркетологтар, MICE-менеджерлер, экскурсия жетекшілері, туристік операциялар менеджерлерінің қажеттілігін көрсетті.

Қазақстандағы туризм саласының өсу тенденциясы, оған салынған инвестициялар мен жұмыспен қамту мүмкіндіктері — туризм бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеудің жоғары деңгейде өзектілігін дәлелдейді, мысалы: орташа есеппен әр турист әр сағатта шамамен 20 АҚШ долларын жұмсайды; 30 турист бір жұмыс орнын қамтамасыз етеді. UNWTO болжамы бойынша 2030 жылға дейін әйгілі қалаларға, курорттарға және мәдени ескерткіштерге шамамен 1,8 млрд адам барады; туризмнен түсетін табыс 2 трлн АҚШ доллары, салада 550 млн жұмыс орны ашылуы мүмкін.

Қазақстанда туризмді дамытуға ТОП-10 перспективалы бағыт анықталған — әрқайсысының өзіндік өнімі мен әлеуеті бар. Нақты айтқанда, аңшылық инфрақұрылымы жергілікті халықты табиғатты сақтауға ынталандыра отырып, экотуризмді дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ экотуризмге сұраныс өсіп келеді; соңғы бес жылда шетелдік туристтердің Қазақстанның рекреациялық ресурстарына қызығушылығы айтарлықтай артты, кіріс туризмнің үлесі ұлғайды. Этнографиялық туризмге үлкен әлеует бар — Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасы мен Ұлы Жібек жолы іздері туристтерді тартады. Келесі бағытының бірі сауықтыру

туризмі үшін де күшті база бар: 20 курорттық аймақ тіркелген, 500 емдік минералды көз, 78 балшық көлі, 50-ге жуық климаттық орын — бұл саланы дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының құрастырылуы қызмет көрсету саласы мамандығын бітірушілерді жоғарыда көрсетілген еңбек нарығының экономикалық сұраныстарына сәйкес цифрлық мүмкіндіктерді еркін қолданатын, ұйымдық-басқарушылық, өндірістік-техникалық міндеттер мен мәселелерді шешуге қабілетті, туризм саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі стратегиялық бағыты мен туристік саладағы кәсіптік қызмет түрлері бойынша қажетті әрекеттерді орындай алатын менеджер - маман дайындау болып табылады.

Статистика мен еңбек биржасы көрсеткендей, Қазақстанда туризм саласының қалпына келуі және дамуы білікті туризм менеджерлері мен мамандар тобына нақты сұраныс туғызды. Туризм білім беру бағдарламаларын практикалық бағытқа, цифрландыруға, көптілділікке және тұрақты туризм принциптеріне күшейтіп бейімдеу арқылы еңбек нарығының қажеттілігін тиімді қанағаттандыра аламыз. Сондықтан білім беру бағдарламасын дамыту — экономиканы әртараптандыру, өңірлік дамуды жеделдету және қызмет көрсету сапасын арттыру тұрғысынан стратегиялық маңызы бар инвестиция.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Университет Невшехир Хажи Бекташ Вели (Түркия мемлекеті, Невшехир қаласы)
	Академик К.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университеті (Қырғыз Республикасы)
Қосдипломды бағдарлама	
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	(Minor) Туристік кәсіпкерлік
	(Minor) e-Турагент

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Arden university (Ковентри, Ұлыбритания) - 7 %
South Australia university (Adelaide, Австарлия) - 6 %
HTMi Hotel and Tourism Management Institute (Switzerland, Швецария) -7 %
The Hong Kong Polytechnic University (Hong Kong SAR, China, ҚХР) -5 %
Les Roches Global Hospitality Management Education (Switzerland, Швецария) - 5 %
University of Nevada - Las Vegas (United States of America, АҚШ) -5 %
NARXOZ university (Алматы, Қазақстан) - 5%

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6В11101-Туризм білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалаврлары келесі кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

білім беру (педагогикалық):
- жалпы білім беру ұйымдарында білім беру (колледж, ЖОО және т.б.);
- оқу-тәрбиелік, оқу-технологиялық;

ғылыми-зерттеушілік:
- эксперименттік-зерттеушілік;
- туристік-рекреациялық;
- сервистік-эксплуатациялық;
- профилактикалық және іздеу-құтқару;
- туристік экскурсиялық мекемелер нұсқаушысы;

өндірістік-технологиялық:
- туристік кәсіпорындардың маркетингтік қызметкер-маманы;
- туристік саладағы компанияларда туроператор;

ұйымдастыру-басқару:
- туристік бизнес саласындағы мемлекеттік басқару ұйымдарындағы қызметкер;
- туризм саласындағы мемлекеттік және жеке-меншік компанияларды басқаратын менеджер;
- туристік кешендердің басшысы басшысы, менеджері т.б. (қонақ үй ісі, ресторан ісі, туристерге көлік қызметін көрсету және т.б.);

ақпараттық-коммуникативті:
- ішкі және сыртқы нарыққа туристік қызметті ұсынудағы жарнамалық агенттіктерде туроператор;
- туризмнің әр түрлі инфрақұрылымдарының салаларында менеджер-маман.

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде қолданады, әлеуметтік маңызды мәселелер мен процестерді талдай алады; ойлау мәдениеті қалыптасқан, ақпаратты жалпылауға, талдауға, қабылдауға, мақсат қоюға және оған жету жолдарын таңдауға қабілетті; ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және анық құра алады; стандартты емес жағдайларда ұйымдастырушылық және басқару шешімдерін табуға қабілетті және олар үшін жауап беруге дайын.

2 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Мақсаттар мен міндеттер қоюға және қатысушы болуға, стратегияларды әзірлеуге, ресурстар мен іс-қимылдарды жоспарлауға, клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін ұйымның мақсаттарына қол жеткізуге білімі жетеді; тактикалық міндеттер қоюға, өкілеттіктерді бөлуге, олардың орындалуын бақылауға қабілетті; сервисті қамтамасыз етуге қабілетті; нарықта көрсетілетін қызметтерді орналастыруға ықпал ететін маркетингтік коммуникацияларды ұйымдастыруға қабілетті; тактикалық міндеттерді қоюға, өкілеттіктерді бөлуге, олардың орындалуын бақылауға қабілетті; өзін-өзі басқару (жұмыс уақытын бөлу, өкілеттіктерді беру, өзінің психологиялық ресурстарын басқару); құқықтық сауаттылықты және өзінің кәсіби қызметінің құқықтық өрісін түсінуді меңгереді.

3 кәсіби құзыреттіліктер саласы:

Инновациялық қызметті пайдаланудағы белсенділік; ұжымды және ондағы үйлесімді атмосфераны құру қабілеті; қызметкерлердің мүмкіндіктерін дұрыс орналастыру арқылы барынша толық пайдалану; тапсырманы, мақсаттар мен көзқарастарды нақты тұжырымдай білу; құзыреттілік пен шеберлік; еркін шығармашылық ойлауды дамыту; адамдармен тез байланыс орната білу; жанашырлық, адамдардың көңіл-күйін түсіру, олардың көзқарастарын анықтау қабілеті және күту; психоанализге қабілеттілік, яғни өзін-өзі бақылау, өзін-өзі сынау, өз іс-әрекеттерін өзін-өзі бағалау; стресске төзімділік; шешендік өнер.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби міндеттерді шешу және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін жоғары деңгейдегі сыни және креативті ойлау дағдыларын меңгерген, өзін-өзі реттеуге және рефлексия жасауға қабілетті.

ОН 3 - Зерттеулер жүргізуде этикалық және құқықтық нормаларды біледі, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істеу кезінде деректердің қауіпсіз пайдаланылуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

ОН 4 – Туристік индустрияның жаһандық даму үрдістерін, тұрақты туризм қағидаттарын, туристік қызметті ұйымдастыруда халықаралық сапа стандарттарын, қауіпсіздік талаптарын және нормативтік-құқықтық актілерді талдайды, қолданады және кәсіби шешімдер қабылдайды.

ОН 5 – Көптілді кәсіби коммуникация жүргізіп, келіссөздер ұйымдастырады және халықаралық туристік ортада тиімді іскерлік өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

ОН 6 – Кәсіби стандарттар мен қызмет көрсету сапасының талаптарына сәйкес туристік қызмет көрсетуді жоғары деңгейде ұйымдастырады; туризм саласындағы кәсіби мәселелерді шешуде аналитикалық ойлау, зерттеу әдістері, эмоционалдық интеллект және цифрлық құзыреттерді тиімді қолданады.

ОН 7- Қонақ үйлер мен қонақтардың арасындағы ақпарат ағынын басқарады, мүдделі тараптарда және туристерде қонақ үйдің жағымды бейнесін қалыптастыру жолдарын қарастырады; сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының талаптарын айқындай алады.

ОН 8 – Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, экотуризм, мәдени туризм және рекреациялық қызметтерді ұйымдастырады, дестинация брендін қалыптастырады және позициялау стратегияларын әзірлеп, саланы кластерлік дамыту технологияларын қолданады.

ОН 9 – Жасанды интеллект, Big Data және smart tourism технологияларын пайдаланып, инновациялық туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді жобалауға, компанияның оң имиджін қалыптастыру арқылы бренд деңгейіне жеткізу жолдарын талдауға, сұранысты ынталандыруға цифрлық сервистерді пайдаланып сатылымның өсуін қамтамасыз етуге бағытталған маркетингтік іс-шараларды әзірлеп, іске асырады.

ОН 10 – Цифрлық маркетинг, SMM, SEO және аналитикалық платформаларды қолдана отырып, туристік өнімдерді халықаралық және ішкі нарықта ілгерілетеді; ұйымның стратегиялық мақсаттарына сәйкес бизнес қажеттіліктерін терең зерттеп, оларды жүзеге асырудың инновациялық жолдарын дайындай алады.

ОН 11 – Туристік кәсіпкерлік пен электрондық коммерция құралдарын пайдаланып, тұтынушылық мінез-құлықты және қажеттіліктерін талдайды, экономикалық тиімділігін бағалап бизнес-модельдерді клиенттік тәжірбие қағидаттарына сәйкес әзірлеп, туристік өнімдер мен сервистерді бейімдейді.

ОН 12 – Туристік ұйымдарда адам ресурстарын басқаруда цифрлық платформалар мен HR-аналитика, мінез-құлқын және үлесін үздіксіз жақсарту арқылы қызметкерлердің жұмысын басқару процесін ұйымдастыра алады, қолдайды және команда қызметін үйлестіру құралдарын қолдана алады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	**ОН 2**	**ОН 3**	**ОН 4**	**ОН 5**	**ОН 6**	**ОН 7**	**ОН 8**	**ОН 9**	**ОН 10**	**ОН 11**	**ОН 12**
ТА1	+	+	+			+		+				+
ТА 2	+	+	+		+		+		+	+		
ТА 3				+	+	+	+	+	+		+	+
ТА 4	+		+		+	+	+			+	+	+
ТА 5	+	+	+			+	+				+	+
ТА 6	+	+	+	+				+				

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 27 июля 2007 жыл № 319-111. Тарау 5. Білім беру қызметін ұйымдастыру; Тарау 6. Білім беру қызметінің субъектілері.

2. «Туризм» кәсіби *стандарты «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген.*

3. Білім беру саласындағы СБШ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік сериктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу салалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 23 қарашадағы №2 отырысының хаттамасымен бекітілген.*

4. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасы міндетін атқарушының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 244 бұйрығы, № 44 Қосымша Кәсіптік стандарт: «Кірмелік туризм және ішкі туризм саласындағы туристік қызметтерді ұйымдастыру».

5. *«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасы міндетін атқарушының* 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 244 бұйрығы, № 45 Қосымша Кәсіптік стандарт: «Шығу туризмі саласындағы туристік қызметтерді ұйымдастыру».

6. Кәсіби стандартты төлқұжат. Стандарттың атауы: «Техникалық құжаттаманы әзірлеу». Кәсіби стандартты код: J62011086. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы:Ақпараттық технологиялар саласындағы өнімдерге арналған техникалық құжаттаманы әзірлеу. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 569/НҚ бұйрығы, 3-нұсқа, 2025 ж.

7. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 569/НҚ бұйрығы Кәсіптік стандарт: «Ақпараттық ресурстарды құру және басқару», Кәсіптік стандарттың коды:J63999054, Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:Веб-мазмұн, веб-сайттардың мәтіндік, графикалық және мультимедиялық мазмұны, ұйымдардың бизнес-процестерін ақпараттық қолдау.

8. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 770/НҚ бұйрығына 1-қосымша Кәсіптік стандарт: «Бизнес-талдаушы» Кәсіптік стандарттың коды:J62011014. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы:Бизнес талдаушы – бұл бизнес қажеттіліктерін анықтау және өзгерістерді жүзеге асырудың мүмкін жолдарын сипаттайтын, шешімдерді негіздеу арқылы мүдделі тараптарға пайда әкелетін, ұйымға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етумен айналысатын маман.

9. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 44/НҚ бұйрығына қосымша Кәсіптік стандарт: «Геодезия және картография». Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2026 жылғы 19 ақпандағы № 107-НҚ бұйрығы Кәсіптік стандарт: «Көтерме және бөлшек саудадағы маркетингтік қызмет»